

КЕЛІСІЛДІ

МДҰ әдіскері

Хуанган Калиматан 

«29» 08 2024ж

(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН

М.Дулатұлы атандағы ЖББМ

директоры Жанат А 

«29» 08 2024ж

(күні, айы, жылы)



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

Қазақ тілі бойынша

2024-2025 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің

перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: М.Дулатұлы атандағы ЖББМ

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ: «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): 02.09.2024-31.05.2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Ұжымдық әңгімеге қатысуға үйрету. Балалардың іс-әрекетінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Қазақ тіліне тән қ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуды үйрету. <i>Сөздік қор:</i> Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді («сіңлі», «жеңге», «жезде») үйрету, өзінің отбасы туралы айтуға баулу.
Қазан	<i>Сөздік қор:</i> Жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Кітаптан ертегілер оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аударту үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануды үйрету. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.
Қараша	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Сурет бойынша дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Сөйлеуде тыныс алуды үйрету. <i>Сөздік қор:</i> Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын («қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы») таныстыру, олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балаларға айтқызып үйрету. <i>Сөйлемнің дыбыстық мәдениеті:</i> Қазақ тіліне тән ө,ү дыбыстарын сөз ішінде дұрыс айтуға машықтандыру. <i>Сөздік қор:</i> Жұмбақтар шешкізу.

Желтоқсан	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен қайталап айтуды үйрету. <i>Сөздік қор:</i> Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес интонациямен, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданып, жай, жайылма сөйлемдер құрып, өз ойын жеткізе білуге баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Ұ дыбысын сөз ішінде, жеке анық айту дағдысын қалыптастыру. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауды үйрету.
Қаңтар	<i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы жануарлардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Артикуляциялық, дауыс аппаратын, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлеуді дамыту. <i>Сөздік қор:</i> Көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.
Ақпан	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Сөздерді тәуелдеп, жіктеп қолдана білуді үйрету. Шағын шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша өз бетінше ретімен қайталап айтуды үйрету. <i>Сөздік қор:</i> Жұмбақтар шешкізу. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда, сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізе білуге баулу. <i>Сөздік қор:</i> Еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуді үйрету.
Наурыз	<i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы заттардың, өсімдіктердің, құстардың табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіндіру. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Қазақ тіліне тән і дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуды үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге баулу.

Сәуір	<i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуді, дұрыс жауабын ұсынуды, Неге? Не үшін? деген сұрақтарды қоюды, еркін диалог құруды, талқылауды үйрету. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> Шағын өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жаттатқызу.
Мамыр	<i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беруге баулу. Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. <i>Сөздік қор:</i> Отбасындағы қызықты оқиғалар туралы әңгімелеуге отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға үйрету. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді («нағашы», «жиен», «бөле»). Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге баулу. <i>Тілдік дамытушы орта:</i> Әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге дағдыландыру.